

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі сомаға <қызметтердің атауы> қызметін сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес <қызметтердің атауы> қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызметтер) бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

- 1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық шарт;
- 2) Қызметтер - Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген, Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттай нәтижесі жоқ қызмет;
- 3) Тұрғын емес үй-жайлар/үй-жайлар - Алматы қаласы, Абай даңғылы, 150/230, 7-блок, 2-қабат, жертөле қабаты (бұдан әрі - Объект) мекенжайындағы «Гаухартас» әкімшілік-тұрғын үй кешеніндегі Тапсырыс берушінің үй-жайлары

(2 291,2 шаршы метр + 8 тұрақ орны).

1.4. Қызметтердің құны мен тізбесі Шартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) *(егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса)* (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша тоқсан сайын Жеткізушіден төлеуге арналған электрондық шот-фактураны және қос Тараптың жауапты тұлғалары қол қойған, белгіленген тәртіппен ресімделген, көрсетілген Қызметтер актісін (бұдан әрі — Акт) алған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электрондық шот-фактураны, төлем шотын және Актіні ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Электрондық шот-фактураны, төлем шотын және тиісінше ресімделмеген, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Актіні ұсынған кезде Тапсырыс беруші оларды төлемсіз қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электрондық шот-фактураны, төлем шотын және Актіні ұсынған сәттен бастап есептеледі. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге уақтылы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын беруге құқылы емес.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады)*.

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады)*.

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады)*.

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) тұрғын емес үй-жайдың ішінде инженерлік желілер мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді өз бетінше және өз қаражаты есебінен жүзеге асыруға;
- 5) ғимараттың басқа меншік иелерінің құқықтары мен мүдделерін бұзбауға;
- 6) қажет болған жағдайда, өзінің (не оның өкілдерінің) бақылауымен пайдалану ұйымдарының қызметкерлерін, Жеткізушінің өкілдерін жалпы инженерлік желілерді жөндеу және аварияларды жою үшін объектіге жіберуге;
- 7) өз үй-жайларында ғимараттың қауіпсіздігіне қатер төндіретін және/немесе материалдық залал келтіретін ақаулар анықталған кезде зақымдануларды жоюға дереу шаралар қолдануға және қажет болған жағдайларда бұл туралы Жеткізушіге немесе тиісті авариялық қызметтерге хабарлауға;
- 8) құрылыс қоқыстарын шығаруды қамтамасыз етуге және жалпы пайдаланылатын орындарда құрылыс қоқыстары мен құрылыс материалдарын жинауға жол бермеуге;
- 9) электр және басқа да аспаптарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға, қолдан жасалған сақтандыру құрылғыларын орнатуға жол бермеуге;
- 10) құрылыс нормалары мен қағидаларын сақтай отырып, өз үй-жайларын қайта жоспарлау

және қайта жабдықтау жөніндегі жұмыстарды орындауға;

11) Жеткізушінің үй-жайларында электр кәбілдерін, телефон байланысы кәбілдерін және басқа да кәбілдерді төсеу қажет болған кезде мұндай төсемді Жеткізушінің техникалық қызметімен келісуге;

12) санитариялық құрылғыларға тез тұтанатын сұйықтықтарды, қышқылдарды, тұрмыстық және құрылыс қалдықтарын және кәрізді бітеп тастайтын басқа да заттарды төкпеуге немесе тастамауға;

13) басқа автокөлік иелерінің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірместен үй жанындағы автотұрақты пайдалануға, автокөліктерді паркингтегі өзінің тұрақ орындарында ғана қоюға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;

2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істеулер, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда Жеткізушіден анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе ішінара немесе толық төлеуден бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

-

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында ақауларды анықтаған жағдайда, оларды анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

- 6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;
- 7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 11) энергиямен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, сумен жабдықтауды және/немесе кәрізді пайдалануды тоқтатуды талап ететін жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізген жағдайда, 8 (727) 2599 091 телефоны бойынша ақпаратты қайталай отырып, Тапсырыс берушіні жөндеу жұмыстарын жүргізудің түрі, күні, уақыты туралы 3 (үш) жұмыс күні бұрын хат немесе e-mail: info@cma-nbrk.kz электрондық поштасы арқылы алдын ала жазбаша хабардар етуге;
- 12) Қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;
- 13) Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен қағидаларының санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да талаптарына жауап беретін өз жабдықтары мен материалдарын пайдалануға;
- 14) Тапсырыс берушіге ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету мәселелеріне тікелей байланысты талап етілетін ақпаратты беруге;
- 15) өткен айдан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Шарттың 2.2-тармағына сәйкес төлем құжаттарын ұсынуға;
- 16) Тапсырыс берушінің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірместен, оған тиесілі паркингтегі тұрақ орындарын кедергісіз пайдалануды қамтамасыз етуге;
- 17) жеткізушілер ұсынатын коммуналдық және өзге де қызметтердің көлемі мен сапасын, олардың коммуналдық қызметтер мен өзге де қызметтерді жеткізуге арналған тиісті шарттарда бекітілген техникалық, санитарлық және басқа да талаптарға сәйкестігін бақылауға;
- 18) күзгі-қысқы кезеңде, жергілікті атқарушы органдар белгілейтін мерзімдерде ғимараттың конструктивтік элементтерін, жалпы инженерлік желілерді, жабдықтарды, есепке алу аспаптары мен өлшеу құралдарын пайдалануға дайындауға, есепке алу аспаптары мен өлшеу құралдарын уақтылы тексеруге;
- 19) Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар ете отырып, ғимараттың конструктивтік элементтерінде, ғимараттың жалпы инженерлік желілерінде аварияларды жою үшін қажетті мерзімге инженерлік желілерді ажырату құқығымен аварияларды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануға. Инженерлік желілерде авария туындаған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіні _____ телефоны, e-mail _____ арқылы немесе жазбаша хабардар етеді;
- 20) Тапсырыс берушінің үй-жайы ішіндегі инженерлік желілерді авариялық жағдайда немесе жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде ажырату мүмкін болмаған жағдайда жалпы инженерлік желілерді ажыратуға;
- 21) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Шарт бойынша Қызметтер

көрсету кезінде Тапсырыс беруші жабдығының, материалдары мен мүлкінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупін көтеруге;

22) Тапсырыс берушіні тартпай, өз қаражаты есебінен Тапсырыс берушіге зиян келтіру не Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Жеткізушінің кінәсінен бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша қойылатын үшінші тұлғалармен (үшінші тұлғалардың талап-арыздары және/немесе наразылықтары) даулы мәселелерді дербес шешуге;

23) Шарт бойынша, оның ішінде ақауларды жою жөніндегі міндеттемелерді орындамауға не тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды дербес көтеруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – 2023 жылғы 1 қаңтар мен 30 қараша айының аралығында, күн сайын..

4.2. Қызметтер көрсету орны: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 150/230.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметті көрсеткеннен кейін Тапсырыс берушіні бұл туралы хабарландырады және қол қою үшін Актіні жібереді.

5.2. Жеткізуші көрсеткен Қызметтер бойынша ескертулер және келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тараптың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған кезде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді, ал Жеткізуші бұл туралы Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде анықталған ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1%-ы, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5%-ы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;
- 2) көрсетілген қызметтердегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда - ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір күнтізбелік кешіктіру күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұлды;
- 3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Шарттың жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұлды төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт бір жақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.9. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін ғана ақысын талап етуге құқылы.

-

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

- 1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген

ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді, ол 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған Тараптардың қатынастарына қолданылады және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку услуг <наименование услуг> у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ___ тьин (_____ тенге ___ тьин), <без учета суммы НДС>.

